Қаңтар 3-апта

қаралды 12.01.2024ж

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Атамекен бөбекжайы

Топ: ерте жас

Балалардың жасы: 1 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.01 - 19.01.2024ж.

Педагогтың аты-жөні ____________________

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Үстел-үсті ойындары".** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су | **"Жуыну әдебі"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, тазалап жуғанын қадағалау; өз | **"Табиғат бұрышы"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді | **"Қырауды бақылау"** Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, оны байқату; өрнектердің [illegible] гүлдерге, жапырақтарға. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру. | астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | орамалының орнын табуға ынталандыру. мақтау. | күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету: балаларды су құйғышты ұстап, суаруды үйрету. | құстарға ұқсайтынына көңіл аудару. |
| | **«Жануардың дыбысын сал» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Дем шығару кезінде буындарды айту арқылы сөйлеу тынысын дамыту. Тәрбиеші рифманы айтады, ал бала жануарларды дыбыстармен және қимылдармен бейнелейді:<br>Кі – кі – кі.<br>Сақалды ешкі.<br>Ақ – ақ – ақ.<br>Секеңдеген лақ.<br>Ік – ік – ік.<br>Шәукілдейді күшік.<br>Ық – ық – ық. | **"Аққаланы құрастыр" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.<br>Педагог әрбір балаға көлемі үш түрлі ақ түсті дөңгелектерді, көздерін, сәбізден | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)<br>Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3,4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарларға үрлейді)<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **«Кім не жейді?» дидактикалық ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нығайту (олар не жейді), ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, үй жануарларына қамқорлық жасауға деген талпынысты тәрбиелеу.<br>Материал: үй жануарлары бейнеленген заттық суреттер және оларға арналған тамақ.<br>Педагог балаларды | **«Біздің шырша» өлеңін мәнерлеп оқу.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шырша туралы өлеңді мәнерлеп оқуға баулу; жағымды эмоциялар тудырады.<br>Тауда туып, тауда өскен,<br>Шырша келді ортаға<br>Бәріміз бір дауыспен.<br>Дейік енді шыршаға<br>Әдемілеп біз ілген.<br>Ойыншықтар тізілген.<br>Қандай жақсы шыршамыз<br>Оң шырқайық баршамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сызу) **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары «Біз қағаздан қар жасаймыз».**<br>1. Б.Қ. - Н.Қ. қағаз бетінде , қол белде . Оң аяқты ұшімен алға қою, жан-жағына, артқа қою. Н.Қ. оралу. сол аяқпен де солай 4 рет.<br>2. Б.Қ.. - аяқтар иық енінде, қолдар парақ алдында белде. Бастың үстінен түзу қолды жоғары көтеріп, денені оңға,солға еңкейту. 6 рет.<br>3.Б.Қ. - парақтың алдында тұрыңыз, аяқтар иық енінде, қол белде. параққа қарай алға еңкею. 6 рет.<br>4.Б.Қ. - Н.Қ. қолдар артта. Отыру - қолдар екі жаққа созу. 8 рет.<br>5.Б.Қ. - еденге отыру, шынтаққа сүйену, парақ еденде созылған аяқ үстінде. Парақты аяқпен жоғары көтеру, еденге түсіру. 6 - 8 рет.<br>6.Б.Қ. - парақтың алдында тізерлеп отыру, қолды белдге қою. Сәл тұрып, аяқты кезекпен оңға және солға созу 8 рет.<br>7. Қағазды алып, оны допқа айналғанша оң қолыңызбен қысыңыз. Содан кейін парақты оң қолыңызбен түзетеміз. Сол қолмен де солай жасау.<br>8. «Қарды» аяқ арасына қыстырып секіру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тышқан жейді мысық. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | мұрнын, шелек пішіндерін жинақтап табақшаға салып ұсынады. Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркем сөзді айтады, қимылдар жасайды. - Аққала денесі доп-дөңгелек, (қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шеңберлер сызу) Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу) Басады қос аяқтарын маймаңдап, (алақан ұштарымен үстел басын кезекпен соққылау) Іздері де содан оның дөңгелек. (қос қолдың сұқ | **дене шынықтыру)** | әжесінің ауласындағы жануарларды «тамақтандыруға» шақырады. Педагог балаларды екі-екіден шақырады. Бір бала жануардың атын атап, оны көрсетеді, ал екіншісі оған тамақ іздейді, жануардың жанына сурет қояды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асыкпай асайық.<br>**(мәдени-гигиеналык дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын косу.<br>- Кім шапшаң, кім өжет?<br>Кім болады аппақ көжек?<br>Орнымызда секірейік,<br>Көжектей жүріп билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру "Қысқы жолмен" Максат-міндеттер. Дене тәрбиесі кезінде түрлі жүріспен жүруге (қалыпты, аяқ ұшімен, тізені жоғары көтеріп жүру, шаңғымен жүруді еліктеу, бірінің артынан бірі жүгіру) жаттыктыру; бекіту, құрсаудан құрсауға өтуді білу; гимнастикалык орындыкта жүру жаттығулары (кол** | **Музыка** "Қонжық пен көжек" Максат-міндеттер. Балаларды өздігінен қимыл-қозғалысын өзгертуге үйрету. Балаларды карапайым әндерді тыңдауға калыптастыру. Әннің көңілді сипатын жеткізу үйрету. Музыкаға эмоционалды түрде орындап, кимылдарды музыка жетекшімен бірге кайталау үйрету. | **Дене шынықтыру** "Біз шеңбер құра аламыз" Максат-міндеттер. Балаларды қол ұстасып шеңбер бойымен жүруге, кедергілерден өтіп,төрт аяктап еңбектеуге, допты домалатуға, белгілі бір бағытты ұстана отырып, жаттығулар жасауға үйрету. | **Дене шынықтыру** "Түзу шеңбер" Максат-міндеттер. Балалардың кол ұстасып шеңбер бойымен жүру кабілетін нығайту; шеңберге тұру; дене жаттығуларынын дұрыс орындалуын үйрету; шеңберге тұру техникасы туралы акпарат беру; еңбетеп өту, кедергілерден аттап өту жаттығулары; ептілікті, тәуелсіздікті дамыту. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу** "Қысқы орманға саяхат" Максат-міндеттер. Көрсету аркылы,балаларға кимылдарды үйрету, шамалар жайлы білімдерін бекіту (үлкен, кішкентай); балалардын шамалар жайлы касиеттерін топтауды үйрету;сөйлеу кабілеттерін;ұсак моториканы арттыру. Балалардын бойына жауаптылык сезімін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **белде), жыланша жүру, доғаның астымен өту.** | | | | және жабайы жануарларға көмектесу қасиетін сіңдіру. |
| **2- таңғы ас** | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын кадағалау, ескерту жасау; орындыкка сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң кадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамактан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамдарды бақылау. Өтіп бара жатқан адамдар қалай киінеді? (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>"Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>Балалардың назарын өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. | **Мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды судың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру, мұз тайғақ,тағанап құлап қалуға болады деген ойдв қалыптастырыру, байқағыштықты, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту<br>қызығушылыққа тәрбиелеу | **Ойыншық қоянды бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балалардың назарын ойыншық қоянға аудару;<br>Тәрбиеші ойыншық ақ қоянды көрсетеді.<br>- Балалар, сендер біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? (Бұл қоян.)<br>- Қоянның жүні қандай түсті? (Ақ ) | **Ағашты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Балаларға аязды күндері бұталар мен ағаштардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды | **Қардың қасиеттерін бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Қардың қасиеттерімен танысуды жалғастыру (суық, ақ, қытырлақ).<br>Балаларды қарды өз қолдарымен алуға шақыру, суық деп қорытынды жасату, сондықтан қолғап кию керек екенін айту. Суық мезгілде қардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Олардың жазда қалай киінгенін естерінде сақтату.<br>Ішік, пима, қолғаптар,<br>Арада жоқ тоңғақтар.<br>Баста қалың малақай,<br>Біз тоңбаймыз, алақай.<br>**«Сырғанақ» жаттығуы (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мәтінді тыңдауға және мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға үйрету.<br>Біз тебеміз сырғанақ.<br>Таудан төмен сырғанап.<br>Бір шанада екеуміз.<br>Құламайды екенбіз. | Суықта су қатып қалады. Суды қалыпта мұздатуға болады. Егер бөлмеге мұз кіргізсе, ол ериді . Мұз мөлдір.<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып жылтыр боп жатады.<br>Қозғалыстағы ойын **«Қармен ойнау білу» (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қардан айналудан, (ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. | - Қоянда тағы не бар? (ұзын құлақ, қысқа құйрық, аяқтары.)<br>- Қоян қайда тұрады? (Қоян орманда тұрады)<br>Ақ қоян-ау,ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян,<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым» деп ат қоям.<br>Қимылды ойын «Ақ қоян» (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. | қорғауға, сындырмауға, шпатламен дінге ұрмауға, шанамен басып қалмауға болатындығын түсіндіріңіз.<br>Жасыл желен жамылған,<br>Асыл моншақ тағылған.<br>Міне сұлу шыршамыз<br>Көптен күтіп сағынған.<br>«Қарғалар» жаттығуы (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер. Балалар қарғаны бейнелейді, тәрбиешіге еліктейді, белгі бойынша әрекет тетеді.<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар-қар-қар! | мүсіндеу мүмкін емес, өйткені ол құлап қалады.<br>Балаларды қармен жүруге және не естігендерін сұрау.<br>Қардың аяқ астына жиналатынын ескеріңіз.<br>Ақша қар, ақша қар,<br>Аппақ болып қонасың.<br>Тоса қалсам қолымды<br>Алақаныма толасың.<br>Қимылды ойын «Екі аяз» (дене шынықтыру)<br>Мақсат-міндеттер: жүгіруге жаттықтыру.<br>Екі досыз ағайынды<br>Көрген біз ғой талайынды<br>Мен Аязбын - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян - ау, ақ Орныңнан тұрсаңшы Шашыңды тарасаңшы Бетіңді жусаңшы Әй - әй көйлек кисеңші. Біреудің қолын үзсеңші - Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. | Қар үстінде жорғалар. Қар-қар-қар! Боран соқса қар болар, Қар-қар-қар! Бұтаға қонар қарғалар. Қар-қар-қар! | Қызыл мұрын. Мен Аязбын - Көкшіл мұрын. Мен аңдарды іздеймін Қане, шығыңдар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді) Қатырамын! (Қашады) Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады. |
| Серуеннен оралу | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру.<br>- Алақай! Алақай!<br>Барамыз дастарқанға қарай:<br>Ботқамыз дәмді, аппақ,<br>Болмаймыз сатпақ.<br>Қасықпен алайық,<br>Асықпай асайық.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>**(музыка)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Әмиян» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Ақша иісі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Әнші бай» ертегісін оқып беру.<br>**(көркем әдебиет)** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба».<br>**(музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау.**<br>Балалар әуезді музыкамен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындайды.<br>Басты оңға, солға бұру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау.<br>Екі аяқтың тізесін бүгу, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.<br>**"Көңілді аяқтар" жаттығуы.**<br>Аяқтарды биік көтер, міне былай,<br>Топ, топ, топ!<br>Көңілдірек! Биігірек! Міне былай:<br>Хоп, хоп, хоп!<br>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр,<br>Қатты-қатты, сыңғыр-сыңғыр!<br>Шап жүйрігім, шап-шап,<br>Тпру - ру -у, тұлпарым:<br>Токтат! Токтат!<br>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>Жалпақ табанның алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.<br>"Сылдыр-сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына койған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Ұлпақар» тыныс алу гимнастикасы (мақта)**<br>Қатты боран басылды (жаймен тырсылдатады)<br>Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Орманға барайық"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жабайы аңдардың қысқы тіршілігімен таныстырып, жаңа | **Имитация ойыны. "Қорқақ қоян".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қоянның қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; | **"Қайдасың?" атты мультфильмін көру.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың зейін қабілетін дамыту; заттардың орналасу орындарын байқауға, бір сөзбен немесе саусақпен көрсетіп, | **"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасайды)<br>**Көктен төмен әдемі ұлпақарлар шашылды.<br>Тәулік бойы тынбайтын,<br>Болайықшы ұлпақар.<br>1, 2, 3,4, 5<br>Ұлпақарлар ұш!<br>(алақандарындағы ұлпақарлаға үрлейді)<br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | ұғымдар беріп, оларды дұрыс, анық, буындап айта білуге үйрету; еске сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөздік қорларын дамыту; айналадағы әлемге, жануарларға деген қызығушылықты, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Педагог ақ қоянды белгілі жерге отырғызып қойып, балаларды бірге ілестіріп, қоянға жақындатады. Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>- Аппақ қарды паналап,<br>Аппақ қоян, тығылма!<br>Көлеңкеңнен үркімей,<br>Қорқақ қоян, қорықпа!<br>Қоян, қашып кетпе!<br>Міне, құрақ көрпе!<br>Суықта қалмайсың,<br>Жамылсаң – тоңбайсың.<br>Д. Ахметова<br>(сөйлеуді дамыту) | "әне", "міне" сияқты сөздерді қолдануға ынталандыру; кеңістікті бағдарлау негіздерін қалау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | құстарды ажыратуға үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Педагог балаларға торғай, қарғаның дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады.<br>Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар торғайларды "шиық-шиық", қарғаны "қарқ-қарқ" деп дыбыстайды.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Жел көбік» ойыны**<br>Мақсат-міндеттер. | "Қар" саусақ жаттығуы. | Саусақ жаттығуы.<br>"Алақай! Алақай!" | "Алақанда дөңгелету" | **"Қоян қайда?" қимыл жаттығуы.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.<br>Көпіре гөр көбік-шар,<br>Көпіре гөр кеңіп шар.<br>Осы күйі қал тұрып,<br>Кете көрме жарылып.<br>Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: «Жел көбік жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. «Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан | Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу.<br>Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.<br>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату)<br>Жамылыпты қырқалар. (қолдарды төмен бұлғау)<br>Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау)<br>Маужырайды шыршалар. | - Алақай! Алақай!<br>Келді суық қыс міне,<br>Біз далаға шығамыз,<br>Жаттығу жасаймыз,<br>Бір, екі! Бір, екі!<br>Қарды қағып, бір, екі.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Мақсат-міндеттер.<br>Ермексазды 2 бөлікке бөлу, түзу қозғалыстармен айналдыру жаттығуларын жасау.<br>**(мүсіндеу)** | - Қоян қорқақ.<br>Ұзын құлақ.<br>Бұта түбінде.<br>Қасқырға көрінбей.<br>Ақ карда жатыр.<br>Тыныш қана, үндемей.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету) Ш. Әлдибекұлы. **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аңдар тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Өнер бұрышында аңдарды мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Еркін рөлдік ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме. «Баланың қажеттіліктерін ескерудің маңыздылығы», «Гигиеналық дағдылар денсаулық кепілі». | Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде". | Кеңес: "Ойын ойнаймыз, есте сақтауды дамытамыз". | Әңгімелесу: "Баланы қысқы мезгілде киіндіру тәртібі". | Әңгімелесу: "Табиғат біздің анамыз!" |